

Г.Б. Хабижанова¹, Н.А. Байғараев², А.Н. Сағинаева³

¹*т.ғ.д., профессор. Қазақстан тарихы кафедрасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қазақстан, Алматы. e-mail: gulnara02011966@mail.ru*

²*PhD, доценті м.а.Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
Қазақстан, Алматы. e-mail: nurlan.baygaraev@kaznu.kz*

³*PhD, аға оқытушы. Қазақстан тарихы кафедрасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қазақстан, Алматы. e-mail: aikos-1978@mail.ru*

СОЛТҮСТІК АЛТАЙДАҒЫ ҚОМАН-ҚЫПШАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада VI-VIII ғасырларда Алтайдың солтүстігіндегі Со аймағын қоныстанған қоман-қыпшақ-тарының этникалық қалыптасу тарихы зерттеледі. Мәселені зерттеу пәнаралық тұрғыда, әр түрлі деңгейдегі деректерді салыстыра талдау негізінде жүзеге асырылды. Қоман-қыпшақтардың ата-бабала-рының Солтүстік Алтайдан тарайтындығын деректермен қатар, ауыз әдебиеті үлгілері, генетик ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесі, археологиялық және этнографиялық материалдар негізінде расталып отыр.

Қоман-қыпшақтардың шығу тегінің Солтүстік Алтаймен байланыстылығын халықтың жадында жазулы хаттай сақталып келген аңыздардан көру болады. Онда халықтың қалыптасу кезеңі, тарихы мен мәдениетінің даму кезеңдерінен ақпараттар сақталған. Осындай деректер мен зерттеулер негізінде мақалада қомандардың қыпшақ тайпалық бірлестігіне кіргенге дейін, VI-VIII ғасыр аралығында Алтайдың солтүстігіндегі Со аймағын қоныстанғаны зерттелді. Сондай-ақ, мақалада қоман-қыпшақ-тарының этникалық тарихындағы динлин, теле тайпаларының алатын орыны да қарастырылды.

Түйін сөздер: Солтүстік Алтай, түркілер, қоман-қыпшақтар, құмандар, аңыздар, этникалық тарих.

G.B. Khabizhanova¹, N.A. Baigarayev², A.N. Saginayeva³

¹*d.h.s., Professor, Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulnara02011966@mail.ru*

²*PhD, acting Associate Professor, Department of Middle Eastern and South Asian Studies,
Al-Farabi Kazakh National University,*

Kazakhstan, Almaty, e-mail: nurlan.baygaraev@kaznu.kz

³*PhD, senior lecturer, Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: aikos-1978@mail.ru*

HISTORICAL ROOTS OF KOMAN-KIPCHAKS IN the NORTHERN ALTAI

Abstract

This article considers the problems of the formation of the ethnic history of the Koman-Kipchaks in the VI-VIII centuries, when they inhabited the Co region in Northern Altai. The problem research was conducted on the basis of interdisciplinary approach and comparative analysis of different sources. That the ancestors of the Koman-Kipchaks lived in the Northern Altai is confirmed by the sources, as well as by the work of traditional folklore, as well as the results of genetic research of geneticists, and materials of archeology and ethnography.

The origin of the Koman-Kipchaks is connected with the Northern Altai, about which there are legends that were preserved in the memory of the people as written sources. These legends preserved information about the periods of formation, history and culture of the people. Based on such sources and research, the article considers the history of the communities inhabiting the region of Co in Northern Altai

in the VI-VIII centuries, before their entry into the Kipchak tribal association. Also, the place of the Dinlin and Tele tribes in the ethnic history of the Koman-Kipchaks were considered in the article.

Keywords: Northern Altai, Türks, Koman-Kipchaks, Kumans, legends, ethnic history.

Г.Б. Хабижанова¹, Н.А. Байгараев², А.Н. Сагинаева³

¹*д.и.н., профессор кафедры Истории Казахстана КазНУ имени аль-Фараби,
Казахстан, Алматы. e-mail: gulnara02011966@mail.ru*

²*PhD, и.о. доцента кафедры Ближнего Востока и Южной Азии КазНУ имени аль-Фараби,
Казахстан, Алматы. e-mail: nurlan.baygaraev@kaznu.kz*

³*PhD, ст.преподаватель кафедры Истории Казахстана КазНУ имени аль-Фараби,
Казахстан, Алматы. e-mail: aikos-1978@mail.ru*

ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ КОМАН-КЫПЧАКОВ В СЕВЕРНОМ АЛТАЕ

Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы становления этнической истории коман-кыпчаков VI-VIII веках, когда они населяли регион Со в Северном Алтае. Исследование проблемы проводилось на основании междисциплинарного подхода и сравнительного анализа различных источников. То, что предки коман-кыпчаков жили в Северном Алтае подтверждается источниками и еще устным народным творчеством, а также результатами генетических исследований ученых генетиков, и материалами археологии и этнографии.

Происхождение коман-кыпчаков связано с Северным Алтаем, об этом свидетельствует легенды, которые сохранились в памяти народа как письменные источники. В этих легендах сохранились информации касающиеся периодов становления, истории и культуры народа. На основании таких источников и исследований в статье рассматривается история команов населявших регион Со Северного Алтая в VI-VIII веках, до вступления их в состав кыпчакского племенного объединения. А также, в статье рассматривалась место племен динлин и теле в этнической истории коман-кыпчаков.

Ключевые слова: Северный Алтай, тюрки, коман-кыпчаки, куманы, легенды, этническая история.

Ерте ортағасырлардағы Ұлы Даланың көшпелі халықтарының басынан өткерген саяси оқиғалары олардың ұрпақтары коман-кыпшақтарының да тарихында өз ізін қалдырды. Яғни, коман – кыпшақтарының ұзақ кезеңге созылған қалыптасу тарихы, өз бастауын сонау түркі кезеңінен алады.

Көптеген түркі тілдес халықтардың қалыптасу тарихы сияқты, коман-кыпшақтарының шығу тарихы да Солтүстік Алтай өңірімен байланысты.

Шығыстанушы Н.А. Аристовтың көрсетуінше, тарихтан белгілісі кыпшақ бірлестігіне енген тайпалардың ең алғашқы қоныстанған территориясы Саян-Алтай өңірі, олар осы территорияны қоныстанған түркі тілдес халықтардан тараған, кейін батысқа қоныс аударған [1, с.453]. Алтай өңірін қоныстанған түркі тілдес халықтардың қатарында командар да айтылады, нақтырақ айтсақ «...командар Алтайдың солтүстігіндегі Со аймағын қоныстанған» [1, с.279].

Кимек, кыпшақтар тарихын зерттеуге жарты ғасырдан астам уақытын арнаған ғалым Б.Е. Көмековтің пікірінше, командардың бастапқы қоныстары Оңтүстік Сібір, Солтүстік Алтай жерінде болған.VIII ғасырдың соңында кыпшақтардың бірнеше тайпалары, соның ішінде командар да бар кимектерден бөлініп, солтүстік-батыс Алтай жерінен ығысып, Ертістің батысындағы жерлерге қоныс аударған [2, с.45].

Ғалымның бұл пікірін ресейлік шығыстанушы ғалым С.Г. Кляшторный да мақұлдаған, ол: «Бірінші мыңжылдықтың бас кезінде қазіргі Қазақстан аумағына қоныс аударған тайпалардың алғашқы қоныстанған аумағы Алтай территориясы, Оңтүстік Сібір, Енесай мен Тынық мұхиты аралығындағы жерлер, Моңғолия, Манчжурия және қазіргі Қытайдың солтүстігіндегі аймақтар болған», - деп жазған [3, с.53].

Орта ғасырлардағы түркі тілдес халықтардың этно және глоттогенезінің (яғни, осы этностардың қалыптасу аймағы мен тілінің) ежелгі ошағы Еуразия континентінің шығыс бөлігі-Орталық Азия мен Оңтүстік Сібірмен, батысында Алтайдан бастап, шығысында Хинганға дейінгі аймақпен тығыз байланысты. Бұл ұлан-ғайыр өлке көршілес мәдениет ошақтарынан алыстамады. Көші-қон үдерісі бірде үдеп, бірде бәседеп Ұлы даланы шарпып тұрды. Ұлы даладағы

этногенетикалық үдерістердің айрықша белгісі жылжымалылығында еді, яғни бір территорияда тұрақтап қоныстанып қалмай, үнемі қозғалыс үстінде болуына байланысты болды. Ортағасырлардағы барлық түркі тілдес халықтарға көшпелі өмір сүру салты, мобилділік, қоныстану аумағын оңай ауыстыра алуы, жаңадан құрылып жатқан тайпалық бірлестіктің құрамында жылдам бейімделу қасиеттері тән. Белгілі – бір әулеттің немесе ру-тайпалық топтың белсенділігімен құрылған этно-саяси бірлестіктің аясында ғана бейберекет көші-қон үдерісі бағыт-бағдарлы үдеріске айналып отырған. Тек ауқымды хронологиялық кезенді алып қарастырғанда ғана көші-қон үдерісінің жалпы заңдылыққа бағынып, түркі тілдес халықтардың шығыстан батысқа қарай бірін-бірі ығыстырғанын байқауға болады [3, с. 91].

Түркітануда қоман-қыпшақ тайпаларының этногенезі өте күрделі және таласты мәселе болып табылады. Бірнеше ру-тайпадан құралған бірлестіктің тарихы ұзақ қалыптасу үдерісін бастан кешірген, бұл үдерістің күрделі кезеңде жүзеге асқанын қыпшақ одағы мен тармақтарының этнонимиялық әр түрлілігі дәлелдейді.

Қоман-қыпшақтарының қыпшақ бірлестігі құрамындағы этникалық топ ретінде танылған кезеңі XI-XIII ғасырлар аралығын қамтиды. Жалпы қыпшақтардың халықаралық қатынастың жеке субъектісі ретінде танылғаны уақыты көне түркі жазбасында аты алғаш рет аталған кезеңнен басталады. VIII ғасырдың ортасында ұйғыр билеушісі Баян-шор қағанның құрметіне қойылған ескерткіште қыпшақтардың түркілермен тең дәрежеде билік жүргізгені баяндалған [4, с.82]. Онда: «...түркі-қыпшақтар бізді елу жыл бағындырған кезде» деп жазылған, тарихта 691-742 жылдарда ұйғырлар мен тоғыз-оғыздар шын мәнінде түркілерге бағынышты болған [5, с.153-154].

Аңыздардың әлеуметтенуі мен оның тарихпен байланысын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, аңызда белгілі-бір дәрежеде тарихи шындық орын алады. Қазіргі кезде тарих ғылымында дерек ретінде автордың баяндауын қабылдайды, соның ішінде ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша айтылып келе жатқан аңыздар да бар. Аңыздар негізінен тарихи болған оқиғаларды халық жадында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ауызша жеткізіп отырған. Сондай аңыздың бірі, Со мемлекеті туралы аңыз болып табылады. Бұл мемлекет Саян-Алтай аймағында болған. Қазіргі кезде «со» атауы солтүстік алтайлықтар құмандылардың бір руының атауы ретінде сақталған. Аңыз бойынша шаманның қуға айналған ұлынан тараған ұрпақ «қуулар» атымен тувалықтар мен солтүстік алтайлықтар арасында тараған. Бүгінде Саян-Алтай тұрғындары – тувалықтар, хакастар, телеуіттер, құмандылар арасында аққу туралы төтемдік таным қалыптасқан [6, с.74].

Аңыздар халықтардың шығу тарихын сақтаушы және ұрпақтан-ұрпаққа сөзбе-сөз жеткізуші тарихи дерек екенін ескерсек, онда VIII ғасырларда қоман-қыпшақтары батыс бағытында қоныс аударғанға дейін Саян-Алтай маңын қоныстанған және қуу тайпасы аталған болуы мүмкін.

Н.Аристовтың еңбегінде Би өзенімен Лебеди өзенінің қосылған жерінде Со деп аталатын жоғары-құманды болысының халқы, ал жанында кубанды немесе құманды деп аталатын басқада халықтардың тұратыны, сондай-ақ, жергілікті халық құманды руының атын өзен атымен байланыстырып, ертеректе оларды Қу (Аққу) өзенін қоныстанған қу-кісілері, қу-адамдары деп атағанын жазған [1, с.279].

Негізінде «қоман» атауының шығу тарихы туралы да нақты дерек жоқ. Аңызға сүйенетін болсақ, Алтайдың солтүстігін қоныстанған қу тайпасының атына «жер», «ел» ұғымын білдіретін «бан» немесе «ман» жалғанып, кубан, куман немесе қоман атауы пайда болған екен. Қомандардың шығу тегін белгілі этнограф Н.А. Аристов шамамен 535-558 жылдары «Солтүстік Вей әулетінің тарихында» түркі елшілерінің айтуымен жазылған аңызбен байланыстырады. Аңыз бойынша түркілердің арғы атасы ғұндардың солтүстігіндегі Со ұлысында өмір сүрген. Кейін оның бөріден тараған бір ұрпағы тылсым күшке ие болған екен. Оның екі әйелі, Аспан құдайының қызы мен қыс жебеушісінің қызы болған. Бірінші әйелінен төрт ұлы болыпты, оның біреуі «аққуға» айналады, келесі ұлы Афу мен Гянь өзендері арасында мемлекет құрады, үшіншісі Шуси өзені маңында хандық құрған, ал төртінші үлкен ұлы Надулуше әкесінің ордасына ие болып Басы-шу-си-ши тауында тұрады. Ол суық кездерде от жағуды үйреніп, елін аман алып қалғаны үшін оны ту-кю деп атап, барлығы жоғары билікті соған тапсырады. Осы аңызда аты аталған Со аймағы Алтайдың солтүстігі болып табылады, өйткені оның оңтүстігіндегі жерлер ғұндардың иелігіне кірген. Қазіргі Би өзені мен оған Лебедь (Аққу) өзенінің құяр сағасында екі ру со мен құбанды немесе құманды қоныстанған. Ол аңызда аты аталған Аққу үш ағасы сияқты хандық құрып қу тайпасының негізін қалаған. Кейін осы Алтайдың солтүстігін қоныстанған қу тайпасының атына «жер», «ел» ұғымын білдіретін «бан» немесе «ман» жалғанып, кубан, куман атанды [1, с. 2-4].

Қомандардың шығу тегі аққумен байланыстырылғаны сияқты, қомандармен шығу тегі бір деп саналып жүрген құмандылардың арасында да әлі күнге аққу құсымен байланысты аңыздар сақталған. Аңыз бойынша, аспаннан түскен үш аққу құс қыздарға айналады да, суға шомылмақ болып, киімдерін жағалауға тастап суға сүңгіп кеткен кезде бір аңшы бір қыздың киімін жасырып қояды. Судан шыққан қыздар киімді таба алмай, екеуі ғана киініп, аққуға айналып ұшып кетеді. Қалып қойған қыз аңшыға тұрмысқа шығып, құмандылар солардан тараған деген пікір қалыптасқан [7, с. 268].

Осы айтылған аңыздар желісінен қоман-қыпшақтары мен құмандылардың шығу тегі бір, тайпалық тотемі аққу болған деген ой түйеміз. Өйткені, аңыз тек тарихи жады ғана емес, ол ақпаратты сақтаушы болып та табылады.

Қоман-құман-құбан этнонимі Алтайдағы құбанды-құманды тайпасының атауында сақталған. Олар Солтүстік Алтайда Қуу, Бии өзендерін қоныстанып отырған халықтар. IX ғасырда басталған көші-қон үдерісі нәтижесінде қомандар Ертіс бойына келіп, одан ары қарай батысқа бет алады. Олардың батысқа қоныс аударуының бір себебі Бетпақ дала бағытында көшу мүмкін емес болатын. Сондықтан олар жайылымдық жерді ендігі кезекте батыстан іздеді. Ал, кимек-қыпшақтардың қол астында қалған қомандардан бір бөлігі бүгінгі Орталық Қазақстан аумағын қоныстанып қала берді де, кейін қазақ халқының Орта жүзін құраған ірі тайпаның бірі Арғындардың құрамына кірген 12 рудың ішінде Қуандық (Құмандық, Құбандық) руы да аталады. Оның бір тармағы Алтайдан таратылады [8, с. 12].

Қыпшақтардың ата-бабалары Сие (Се) және Яньто тайпаларынан құралған, теле ұрпақтарының ішіндегі ең мықтысы болған деп атап көрсеткен еді орыс қытайтанушысы Н.Я. Бичурин [9, с.263]. Қыпшақтардың VI-VII ғасырларда бірлесе өмір сүрген Се-Яньто тайпаларының ұрпақтары екендігін және олардың Екінші Шығыс түрік қағанаты билеушілері Қапаған (Мочжо) мен Білге қағанның билік жүргізген кезеңінде билікке қол жеткізіп, басқарушы тайпа ретінде мойындалғанын ғалым Т.Омарбеков қытай деректері бойынша дәлелдейді [10, б.55]. Яғни, тарихшы ғалым Т.О. Омарбеков қыпшақтар тарихын Телек одағында болған Сір-Енда (Сеяньто) тайпаларынан бастайды. Академиктің пікірінше, 647 жылы Сір-Енда ұлысын, біріккен ұйғырлар мен Таң әскерлері талқандағаннан кейін, енділіктер батысқа - Ертіс бойына көшіп кеткен де, сірлер шығыс түріктерінің қоластында қалған. Кейіннен сірлер Шығыс Түрік қағанатында билеуші тайпаға айналған уақытында жаңа қыпшақ атауын алған. Өйткені, жаңа қағанатта өздеріне тағы билік жасай бастаған байырғы сірлерді ұнатпағандықтан, ұйғыр оғыздары оларды қыпшақтар («шіріген ағаштың қабығы») деп атаған [10, б.95-96].

Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген В.В. Радлов пен профессор Хирт қытай деректерінде жиі кездесетін сеянто бұл сир-тардуш сөзінің транскрипциясы деп есептеген. Олар ғалымдардың пікірінше, Қарақұм даласында қоныстанған, саяси аренада күштері әлсіреген кезеңде Елтеріске қосылған және бұрынғы этникалық атауын жоғалтқан [11, с.316].

«Вэй-ле» мәліметі бойынша динлиндер құрамына кіретін тайпалар ерте кезден-ақ, қаңлылардың солтүстігінде, үйсіндердің батысында, яғни Ертістің маңын қоныстанған. «Тан-шуда» Саян-Алтайды қоныстанған динлиндер ұсақ руларға бөлінген және ортақ басшысы болмаған. Сол себептен де олар түркі халықтарына тез сіңісіп кеткен, бірақ жерлеу салттарын сақтап қалған. Оларда қорғандар, тастан қаланған қабірлермен қатар, тас кемпірлерді жасау дәстүрі болған [12, с. 53-54].

Н.А. Аристов алтайлықтар мен телеуіттер өздерін ойрат немесе шу-кісі, ұлан, телес деп атайтынын жазады да, олардың руларының ішінде қоман-қыпшақтарының бар екенін атап өткен [13, с.127]. Сондықтан, зерттеушілер қоман-қыпшақтарының шығу тарихын осы аталған теле, телес тайпаларымен байланыста қарастырады [13, с.127].

Ерте ортағасырлық Орталық Азия мен Оңтүстік Сібірдің этникалық тарихында екі түркі тілдес көшпелі тайпа маңызды орын алған. Олар ғұндар мен динлиндердің мұрагерлері болып табылатын теле мен түркі тайпалары еді. Динлиндер солтүстік және батыс деп екіге бөлінген. Солтүстік динлиндер «аттың тұяғының» болуымен және жүйріктігімен ерекшеленді. Бұл аңыздың таралуы туралы тарихшылар «...солтүстік динлиндер жылқының аяқ терісінен аяқ киім тігіп киетін болған, сондықтан да оларды солай атаған болу керек», - деп есептейді [6, с.66].

Қытай жылнамаларында динлиндер, теле деп, кейде солардан тараған ұрпақ ретінде де аталады. Олардың VI ғасырларда қазіргі Моңғолия жерінде және Сібірдің оңтүстігінде, Тыва мен Таулы Алтайға дейінгі жерлерде көшіп-қонып жүргені жазылған [12, с. 38].

VI ғасырда қытай жылнамаларында «теле» аталған тайпалық одақ түркі-моңғолдық «тегег» сөзі, яғни арба, арбабаға мініп жүретіндер дегеннен шыққаны айтылады. Теле тайпаларының шығу

тегін қарастырып жүрген ғалым А.С. Шабалов динлиндерді, IV ғасырда Байкал маңында өмір сүрген финугорлық немесе самодийлық тайпа болған деп көрсетеді. Р.В. Вяткин мен В.С. Таскин бастаған ғалымдардың динлиндерді түркілерге жатқызуы негізсіз деп есептейді [14, с.10].

Ғұндар мен динлиндер туыс тайпалар болған және қоныстану аумақтары бойынша да жақын орналасқан. Кейін осы екі тайпалардан түркі тілдес бірнеше тайпалар бөлініп, жеке қағанаттар құрып, тарих сахнасында өздерінің этникалық атауларымен танымал болған. Халықтың жанды жадысы болып табылатын аңыздар көне түркілер мен қоман-қыпшақтарының этникалық бастауларын осылардан бастап таратады.

Аңыздарда қоман-қыпшақтары солтүстік ғұндардың ұрпақтары, түркілерден таратылады және тайпалық тотемі «қуу» (аққу) болған деп баяндалады. Атап айтқанда, түркілердің ата-бабаларының солтүстік ғұндар болғаны туралы екі аңыз бар. Біріншісі, жаугершілік заманда ғұндардың бір руының он жасар ұлын қасқырдың ұрғашысы аман алып қалып, таудағы үңгірге жасырады. Кейін екеуінен 10 ұл дүниеге келіп, өсіп өніп, таудан түсіп, жужан тайпаларында ұста болады. Солардың ішінде болашақ түркі қағанатының негізін салушы Ашина да болған [6, с.67]. Екінші аңыз бойынша, Солтүстік ғұндардың мемлекет басшысының ағасы қасқырдың ұрғашысынан туылған шаман болған екен. Оның бір баласы қуға(аққу) айналып, қу тайпасының негізін салыпты. Оның ұлы Шуе өзенінің билеушісі болады, ал оның төртінші ұлы Нортұлы-шад Со аймағында тұрған. Нортұлы-шадтың күңнен туған ұлының аты Ашина болыпты, әкесі қайтыс болған соң осы Ашина Ахиен-шад атымен таққа отырады. Осы Ахиен-шадтың Түмен атты немересі түркі қағанатының негізін салушы тарихи тұлға ретінде қытай деректерінде айтылады [1, С.277-278].

Бірінші аңыз бізге өте жақсы танымал түркі қағанатының негізін салушы Ашина тайпасының шығу тарихынан сыр шертсе, екінші аңызда қоман-қыпшақтары тараған қуу тайпасының шығу тарихынан ақпарат алуға болады және ерте тарихы түркі тайларымен жақындығын көрсетеді.

Мұны сондай-ақ, VIII ғасырларда Солтүстік Алтайды қоныстанған және кейін Ертіс маңына қоныс аударған халықтардың, көші-қон үдерісіне ілеспей сол жерде тұрақтап қалған халықтармен этникалық жақындығын қазіргі кезеңдегі хакас халықтарының этникалық тарихын қарастырып жүрген тарихшы ғалым В.Я. Бутанаев та өз зерттеулерінде атап көрсеткен және оны аңыздардың тарихи дерек ретінде растайтынын алға тартады [15, с.256].

Сонымен бірге, хакас, қырғыз, қыпшақ тайпаларында құстар – аққу мен қаздың тотем болғаны белгілі [14, с.71].

Қомандардың Алтай маңынан қоныс аударғанын және қоман этнонимінің аққу құсымен байланыстырылатынын генетик ғалымдар да растайды. Олар зерттеу нысанына алынған халықтардың фольклорындағы деректер көп жағдайда шындыққа жанасатынын мойындап отыр. Мысалы, ортағасырлық қоман-қыпшақтарының ДНК сараптамаларының нәтижесі аңыздағы дерекке сәйкес келеді, ол бойынша «қоман» этнонимі «құсқа табынушылар» немесе құстан тарағандар, яғни қу(аққу, құс)+ұрпағы (ман) мағынасын беретінін айтады [16, с.539].

Генетик ғалымдар зерттеулерінде қомандардың бастапқыда Алтайда қоныстанғаны, одан кейін Ертіс бойындағы жерлер мен Орал тауларының оңтүстігіндегі аймақтарда Дешті-Қыпшақтың құрамында болғаны, кейін батысқа қарай ығысып, Дунай Бұлғарлары жеріне дейін жетіп, еуропалық хроникаларда аты қалғанын дәлелдеп отыр [16, с.544].

Бүгінгі таңда қомандардың ата-қонысында олардың ұрпақтары саналатын құмандылықтар қоныстанып отыр, одан басқа қомандардың R1b-M73 (DYS390=19) кластері қазақтың ішінде қарақыпшақтарда, башқұрттарда, қарақалпақтардың ырғақлы-қыпшақ, украин және орыс черкастарында, қырым қыпшақтарында, балқар, құмық, құмдық ноғайлар, телеуіттер арасында кездеседі екен, Жалпы, аталған кластер таралуы бойынша Алтайдың сир, қытай деректеріндегі сә тайпаларымен байланысты. Сирлар бұл ертедегі теле тайпалары. Олар ұйғырлармен соғыста жеңіліп, біразы меркіттер мен телеуіттердің құрамында Сібірде қалса, бір бөлігі батысқа қоныс аударды [16, с.546].

Сонымен бірге генетикалық зерттеулердің нәтижелері түркі тілдес халықтардың арасында таралған қыпшақ, қоман, құман, құманды этнонимдерінің шығу тегінің, генетикалық жағынан жақындығын дәлелдеп отыр.

Генетик-ғалымдар башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, оңтүстік Алтай қыпшақтарын бірнеше гаплотоптарға, өз ішінде оларды ұсақ генетикалық тармақтарға (субкладтар мен кластерлер) бөліп жіктеп зерттей келе, белгілі бір этностар мен этнотерриториялық топтарға біріктіреді. Олар бүгінгі таңда жоғарыда аталған халықтардың құрамындағы қыпшақтардың барлығы бір гаплотоптарға жатқызылмайтынын анықтаған. Тек екі этнос солтүстік алтайлық этникалық топ құмандылар мен

қыпшақтар арасында ежелден байланысы болған деп көрсетеді. Құмандылардың бастапқы кездегі аты қоман болған. Генетикалық жағынан туыстығы мен этнонимдердің аталуының нақтылығына байланысты қазақ, башқұрт, қарақалпақ қыпшақтары мен құмандылардың ортағасырлардағы ата бабалары бір қоман-қыпшақ этнонимінен бастау алады. Бұл топтағылардың барлығы генетикалық кластер бойынша R1b-M73 (DYS390=19) деп маркерленген [17, с.299].

Сонымен қатар, R1b-M73 (DYS390=19) генетикалық белгісі қоман және қыпшақ этнониміне жатпайтын тубалар, тобыл-ертіс татарларында, томск түркілерінде, тувалықтарда, марий, моңғол, Еділ бойы татарларында, черкестерде, қабардылар, украиндар, ноғайлар, қалмықтар, тянь-шань қырғыздары мен ұйғырларында да кездеседі. Әр түрлі халықтардың құрамындағы осы генетикалық желіге жататын топтарды екі топқа бөлуге болады. Біріншісі, қыпшақ этнонимімен аталып жүрген рулар, ал екіншісі қыпшақтарға жақын саналатын қоман-қыпшақтарынан тараған рулар [17, с.299].

Бұл генетикалық талдау қорытындыларын көріп тұрғанымыздай қоман-қыпшақтары туба, тобыл-ертіс татарлары, томск түркілері, тувалықтар, марийлер, моңғол, Еділ бойы татарлары, черкестер, қабардылар, украиндар, ноғайлар, қалмықтар, тянь-шань қырғыздары мен ұйғырлары көші-қон үдерісі нәтижесінде араласып, генетикалық жағынан қыпшақ бірлестігіне енген халықтарды құраған.

Қоман мен құмандылардың жақындығын және олардың қазақ жеріне қоныс аударғаннан кейінгі кезеңдерде наным-сенімін жергілікті халық арасына таратқанын этнографиялық мәліметтер де растайды. Құмандылар христиан дінінің православиелік ағымын ресми қабылдаған деп есептелінгенмен, олар өздерінің ата-бабаларынан келе жатқан тәңірге (Үлгенге), суға (Суу ээзи), отқа (От ээзи) табыну дәстүрін сақтап қалған. Әлі күнге Үлгенге құмандылардың: қыпшақ, мұндұс, кергіл, тодош, ошы, шапты руларының қорғаушысы саналады. Сондай-ақ, әйелдері орамалын тастамаған, етек-жеңін жауып киім киген, күйеуінің туыстарының атын атамайтын болған [18, с.181-184]. Бір қызығы осы аталған салт-дәстүрлер қазақ қоғамына да жат емес. Яғни, қоман-қыпшақтарының, құмандылардың діни-сенімі, ертедегі дүние танымы қазақ жеріне олардың көші-қон үдерісінің нәтижесінде келуімен байланысты тараған шығар деген ой туады.

Солтүстік алтайлықтарға жататын үш этникалық топтың: құмандылар, шелқандықтар және тубалардың қалыптасуында түркі тайпаларының ықпалы болғанын генетикалық зерттеулер нәтижесі де дәлелдеп отыр [19, с.675].

Негізінен бұл халықтардың қоныстану аумағы Орталық Қазақстан, Оңтүстік Сібір, Башқұртстан, Моңғолия, Тува, Қырғызстан территорияларын қамтиды [17, с.300].

Осы топқа жататын халықтардың территориялық жағынан орналасуы негізінен орта ғасырларда шын мәнінде тарихта қыпшақтар қоныстанған аймақтармен сәйкес келеді.

Солтүстік Алтай мен Батыс Сібірдің оңтүстік аудандарындағы сrostкин мәдениетін бірінші мыңжылдықтың соңында жергілікті төрт мәдениет: солтүстік-алтайлық, батыс-алтайлық, новосібірлік және кемеровтік құраған және бұл мәдениеттер Ертіс бойы (жоғары Ертіс, Павлодар, Омбы) қимақтарының мәдениетімен ұқсас болған. Қазіргі Томск облысының аумағында ортағасырларда қоман-қыпшақтарының болғанын генетикалық мәліметтер бойынша анықтаған В.Г. Волковтың пікірінше қоман-қыпшақтарының бір бөлігі Томск облысының территориясына қоныстанып, жергілікті халықтың түркілену үдерісінің аяқталуына ықпал еткен. Бұған Басандай мәдениетіндегі мәйітті жерлеу дәстүрі қыпшақтардың жерлеу дәстүрімен бірдей болуы дәлел болады [17, с.71].

Сонымен қатар, бұл территорияда қоман-қыпшақтарының болғандығын археологиялық зерттеулер көрсеткендей қорымға жылқыны немесе жылқының басын жерлеу дәстүрі, құрылыстарда сазды қолдану, әскери жерлеу орындарындағы ұқсастықтар, қару-жарақтары және т.б. дәлелдейді. Кірме компоненттер бойынша анықталғаны қимақ-қыпшақ тайпаларының бұл өңірге келген уақыты шамамен XI ғасырдың 30 жылдары болып табылады. Археологиялық деректер нәтижесі бойынша Басандай мәдениетінде түркілік қабаттың болуы мен жергілікті халықтың этникалық тарихына қимақ, қыпшақтардың ықпалы болғанынан жаңа этникалық топ, томск татарлары қалыптасқан деген болжам айтады тарихшы О.Б. Беликова [20, с.31].

Осындай археологиялық материалдар Еуразия даласында қоман-қыпшақтары шекаралас көрші халықтармен бір тарих пен бір мәдениет аясында бірігіп, бір өркениетті жасап, мол мұра қалдырғанын дәлелдейді.

Солтүстік Алтай мен Батыс Сібірдің оңтүстік аудандарын қоныстанған тайпалар VIII ғасырларда ұйғырлар тарапынан қуғындауға ұшыраған кезеңде, қоман-қыпшақтары да батыс

бағытында қоныс аударып, туыс кимек тайпаларының қасына, Ертістің орта ағысына келіп қоныстанған.

Көші-қон үдерісінің орын алғанын Солтүстік Алтай мен Моңғолия аймақтарынан басталып, батыста сонау Шығыс Еуропаға дейінгі аралықта таралып жатқан қоман-қыпшақтарының «кемпір тастарының» өздері-ақ дәлел бола алады. Қоман-қыпшақтары қандай қиын-қыстау кезең туса да, ата-бабасынан келе жатқан салт-дәстүрін бұзбастан, қалтқысыз орындап, дүниеден өткен батырларына балбал тастардан ескерткіш орнатып отырған.

Сонымен, қорыта келе айтарымыз жазба деректер, генетикалық зерттеу нәтижелерінің мәліметтері, халық ауыз әдебиеті үлгілері, археологиялық және этнографиялық материалдар барлығы дерлік қоман-қыпшақтарының шығу тарихын Солтүстік Алтай өңірімен байланыстырады. Яғни, қыпшақ бірлестігіне кірген қоман-қыпшақтары бастапқыда, VI-VIII ғасырларда Алтайдың солтүстігіндегі Со аймағын қоныстанған. Кейін, VIII-IX ғасырларда олар бүгінгі Орталық Қазақстан аумағына қоныс аудара бастаған. Ал, IX-XI ғасырларда кимек бірлестігінің құрамында болған қоман-қыпшақтары қазіргі батыс Қазақстан аумағын қоныстанып, XI ғасырдың орта шенінде батыс бағытында көші-қон үдерісін жалғастырған және ортағасырлық еуропалықтарға қоман атымен танымал болған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // *Живая старина*. – вып. 3-4. – СПб. 1896. – С.2-456.
- 2 Кумеков Б.Е. Кимакский каганат // *История татар Западного Приуралья. Том I. Кочевники Великой степи в Приуралье. Татарские средневековые государства. Коллективная монография*. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016. – С. 39-45.
- 3 Кляшторный С.Г. Этнолингвистическая ситуация в Великой Степи в начале I тыс.н.э. // *Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье*. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2004: 2-е изд., исправл. и доп. – С. 53-94.
- 4 Ахинжанов С.М. Об этническом составе кипчаков средневекового Казахстана // *Прошлое Казахстана по археологическим источникам*. Алма-Ата: Наука, 1976. – С. 81-93.
- 5 Кляшторный С.Г. Кипчаки в рунических памятниках // *Türkologica. К восьмидесятилетию академика А.Н. Кононова*. Л.: Наука, 1986. С.153–164.
- 6 Ципоруха М.И. *Покорение Сибири. От Ермака до Беринга*. – М.: Вече, 2004. – 400 с.
- 7 Киндикова Н.М. *Размышления о куманах и не только о них: общеизвестные и неизвестные факты // Культура и традиции коренных народов Северного Алтая*. СПб:Издательский дом СПбГУ, 2008. – С.267-273.
- 8 Инсебаев Т.А. *Кыпчакский след: том3/ гл.ред. А. Нухулы*. – Павлодар: ПГПИ, 2017. – 286 с.
- 9 Бичурин Н. Я. [Иакинф]. *Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена*. М-Л.: АН СССР, Институт этнографии им. Миклухо-Маклая, 1950. –656 с.
- 10 Омарбеков Т. *Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны: монография / Т. Омарбеков*. Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 192 б.
- 11 Бартольд В.В. *Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. Сочинения*. Т.V. М.: Наука, 1968. – 759 с.
- 12 Грум-Гржимайло Г.Е. *Западная Монголия и Урянхайский край. Исторический очерк этих стран в связи с историей Средней Азии*. Ленинград: Типография Главного Ботанического Сада, 1926. Т.II. – 898 с.
- 13 Аристов Н.А. *Труды по истории и этническому составу тюркских племен /отв.ред.акад. В.М. Плоских*. – Бишкек: Илим, 2003. – 460 с.
- 14 Шабалов А.С. *Происхождение уйгуров, ойратов (калмыков) и других телэских племен XVIII в. до н.э. – XIV в. н.э.: Историко-ономастическое исследование по российским и казахстанским материалам*. – Иркутск: Изд. ИГТУ, 2014. – 248 с.
- 15 Бутанаев В.Я. *Происхождение и расселение хакасских сеоков // Этническая история народов Южной Сибири и Центральной Азии*. Новосибирск: Наука, 1993. - С.235-263.
- 16 Муратов Б.А. *Потомки кланов Дешти-Кипчака-куманов и сиров // БЭИП «Суюн»; Том.3, Май 2016, №5*. – С.539-552.
- 17 Волков В.Г. *К вопросу о миграциях и прародине кыпчаков. Генетический аспект // Золотоордынская цивилизация*. 2016, №9. – С. 298-308.
- 18 Шатинова Н.И. *Алтайско-кумандинские этнографические параллели // Культура и традиции коренных народов Северного Алтая*. СПб:Издательский дом СПбГУ, 2008. – С.181-185.

19 Харьков В.Н., Степанов В.А., Медведева О.Ф., Спиридонова М.Г., Воевода М.И., Тадинова В.Н., Пузырев В.П. Различия структуры генофондов северных и южных алтайцев по гаплогруппам Y-хромосомы // Генетика, 2007. Том 43. N5. – С.675-687.

20 Беликова О.Б. Басандайская культура // Народы и культуры Томско-Нарымского Приобья. Томск: изд-во Томского государственного уни-та, 2001. – С. 30-32.

List of references:

1 Aristov N. A. measures on the ethnic composition of the Turkic people and their nationality // Living old. "come on." 3-4. - SPB.1896. - pp. 2-456.

2 Kumekev B. E. Kimaksky kaganat // history of the Tatar Reserve. Tom I. Shepherds of the Great Steppe in the Priuralye. Tatar middle-class state. Collective monograph. - Kazan: Institute of history im. Sh. Marjani an RT, 2016. pp. 39-45.

3 Klyashtorny S. G. ethnolinguistic situation in the Great Steppe at the beginning of i beyond.N. E. / Klyashtorny S. G., Sultanov T. I. State and people of the Eurasian steppe. "I'm sorry," I said. "No," I said. St. Petersburg Vostokovedenie publ., 2004: 2nd ed., corrected. and the ball. - Pp. 53-94.

4 Akhinzhanov S. M. about the ethnic composition of kipchakov in the middle Kazakhstan // last Kazakhstan on archaeological sources. Alma-Ata: Nauka Publ., 1976, Pp. 81-93.

5 Klyashtorny S. G. Kipchak in Runic monuments // Türcologica. To the east of the Academy Kononova A. N. L.: Nauka Publ., 1986, Pp. 153-164.

6 Tsiaporukha M. I. Submission To Siberia. From Yermaka to Bering. Moscow: Veche publ., 2004. – 400 P.

7 Kindikova N. M. distribution of Cumans and not only about them: common and unknown facts // culture and traditions of ancient peoples of Northern Altai. SPB: Izdatelsky Dom Spbgu, 2008. - pp. 267-273.

8 Insebaev T. A. kipchaksky sled: Vol. 3 / GL.Ed. A. Nuhuly. - Pavlodar: PGPI, 2017 – - 286 P.

9 Bichurin N. Ya. [Iakin]. Collecting information about the people who lived in Middle Asia in the Middle Ages. M. L.: An USSR, Institute of ethnography im. Mikluho-Maklaya, 1950. -656 P.

10 Omarbekov T. statehood of the Kazakh Turks: history of khaganates, uluses and khanates: monograph / T. Omarbekov. Almaty: Kazakh university, 2015. - 192 P.

11 Barthold V. V. works on the history and Philology of the Turkic and Mongolian peoples. "No," she said. T. V. M.: Nauka publ., 1968. - 759 P.

12 Grum-Grzhimailo G. E. Zapadnaya Mongolia and Uryankhaysky Krai. Historical essay these countries are related to the history of Middle Asia. Leningrad: typography of the main Botanical Garden, 1926. Vol. II. - 898 P.

13 Aristov N. A. Tru on history and ethnic composition of the Turkic people / OTV.Ed.akad. V. M. Flatkikh. Bishkek: Ilim, 2003 – - 460 P.

14 Shabalov A. S. Examination of uygurov, oiratov (Kalmykov) and other TV films XVIII V. to N. E. – XIV V. N. E.: historical and onomastic research on Russian and Kazakh materials. - Irkutsk: Izd. IGTU, 2014. - 248 P.

15 Butanaev V. Ya.progress and dissolution of Khakass seokov // ethnic history of the peoples of South Siberia and Central Asia. Novosibirsk: Nauka Publ., 1993, Pp. 235-263.

16 Muratov B. A. Potomki klanovs Deshti-Kipchak-Kumanov and sirov // BEIP "Suyun"; Vol.3, May 2016, No. 5. – Pp. 539-552.

17 Volkov V. G. to the question of migration and the advantages of kipchakov. Genetic aspect // Zolotoordinskaya civilization. 2016, No. 9. - pp. 298-308.

18 Shatinova N. I. altaysko-kumandinsky ethnographic parallels // culture and traditions of ancient peoples of Northern Altai. SPB: Izdatelsky Dom Spbgu, 2008. - pp. 181-185.

19 Kharkiv V. N., Stepanov V. A., Medvedeva O. F., Spiridonova M. G., Voevoda M. I., Tadinova V. N., Puzyrev V. P. Razlichia Structura gene pool of northern and southern altaytsev on haplogroups Y-chromosome // Genetics, 2007.Vol. 43.N5. - Pp. 675-687.

20 Belikova O. B. Basandayskaya Kultura // Narodniks and cultures of Tomsko-Narymsky Priobya. Tomsk: from-in Tomsk State University, 2001, pp. 30-32.